

*Бекітемін:
«Күнишақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
адіскері А.Ә.Жақсылықова*

«Жасыл шырша жанында»

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



*Тәрбиеші : Жамишова Г
Орысбаева А*

Таушық ауылы, 27.12.2023 жыл.

Маша: О-о-О! Алақай! Алақай! Жаңа жыл келді! Жаңа жыл келді! Бүгін Жаңа Жылды қарсы алып тойлайтын боламыз! Ой, мұнда неге ешкім жоқ. Мұндағы достардың бәрі қайда кеткен? Аю достым сен қайдасың? (Осы кезде аю қорылдап ұйықтап жатады)

Маша: Ой-ой-ой, сен әлі ұйықтап жатсың ба? Тұр, тұр Жаңа жыл келді. Жаңа жылды бірге тойлаймыз!

Аю: Бұл не деген шу? Неге тыныш ұйқы бермейсің маған? Менің әлі ұйқым қанған жоқ. Мұнда ешнәрсе қызық емес. Мені мазаламашы. (осы кезде сағат тілі шыр ете түседі)

(Ай-ай-ай- деп Маша басын шайқайды да)

Маша: - Жоқ, жоқ достым. Кел, Жаңа жыл міне келіп қалды. Балаларды яғни достарымызды шақырайық. Жаңа жылды әдемі көңіл күймен қарсы алайық. Тұр, тұр деймін, - деп аюды оятып алады.

Аю: Жарайды, сенімен келіспеске болмайды. Сен бәрібір маған ұйқы бермейсің. Кел, достарымызды шақырайық. Бірге көңіл көтеріп, Жаңа жылды қарсы алайық.

Маша: Алақай, алақай! - деп аюды құшақтап алады.

- Енедеше, бүгінгі кештің әдемі де, көрікті сәні болатын кішкентай достарымызды ортаға шақырайық.

(Балалар жұптасып залға кіреді)

Маша: Барлық жандар бір білікке қосқан үн

Бақытты боп бастады жыл дастанын

Қуанышпен келді той деп Жаңа жыл

Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Құрметті балалар, ұстаздар, қонақтар. Жаңа жыл мерекесіне арналған «Ер Төстік» тобының

«Жасыл шырша жанында» атты жаңа жылдық ертеңгілігімізді бастауға

рұқсат етіңіздер. Жүрекке жылулық ұялатар алғашқы Жаңа жылдық

құттықтау сөзді саналы ұрпақты сезімі сергек, дана ұрпақты тәрбиелеп

жатқан мектепке дейінгі тәрбие мен білім ұясының білікті басшысы Алмагүл

Ерболатқызына береміз.

Маша: Осындай ғажап тілекпен біз енді, Жаңа жылымызды әрі қарай мерекелейік. Достар, келіңдер шыршамызға арнап ән салайық.

Ән: «Шыршаға бардық»

Маша: Аю сенің көңілің күйің қалай? Біздің кішкентай достарымыз әнді

жақсы айтады екен? Жарайсыңдар! Енедеше, аю сен шыршамызға арнап тақпақ айтып бересің бе?

Аю: Жарайды!

Аю отыр ортада

Барлық ойы ұйқыда

Маша тақпақ сұраса,

Білмей қапты,масқара!-деп күледі. (Маша ішегі қатып күледі.)

-Досым,ондай тақпақ емес, шырша туралы,қыс туралы тақпақ сұрадым ғой.

Жарайды! Ендеше менің кішкентай достарымнан сұрайын.Сендер

қыс,шырша туралы тақпақ білесіңдер ме?Қане кім айтады?

-Ия.

(Жансая , Мұрагер, Айбар, Бекжан , Шұғыла , Бекбай)

Жансая

Әдемілеп біз ілген ,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Мұрагер

Жауған аппақ қарымен

Қыс көрікті,

Аяз қысқан кәрімен

Қыс көрікті,

Аққала мен сырғанақ

Қыс көрікті

Күміс қылау сәнімен.

Айбар

Кел, жаңа жыл , жаңа жыл,

Айналама шашып нұр.

Шыршаны біз айнала,

Маша: Неткен,тамаша! Жарайсыңдар! Аю,досым көрдің бе? Балалар қандай күшті айтады тақпақты.

(осы кезде қоянды қуған қасқыр екеуі самокатпен жарысып келе жатады.Қасқыр абайсызда құлап қалады,қоян жерге жата келіп күледі.Екеуі бір-бірімен сөзге келіп жатқанда,Маша оларды татуластырады)

Қасқыр: Қап,бәлем қоян мен сені қуып жетемін қазір.Менің атым-қасқыр.Менде сен сияқты қатты жүгіре аламын.

Қоян: Жете алмайсың! Мен жүйрік қоянмын.Мен сеннен озып кетемін.(Қасқыр құлайды,қоян күледі)

Маша: Сендерге не болған? Үнемі осылай дауласып жүресіңдер.Олай дауласқаннан не пайда?Жаңа жыл мерекесі келді.Келіңдер,татуласып дос болайық.Мұнда кішкентай достарымызбен бірге достасып,ойын ойнайық.Балалар,қасқыр мен қоянды өзімізбен жаңа жыл мерекесін бірге өткіземіз бе?Қалай ойлайсыңдар?Бірігіп ойын ойнағыларың келе ме?

Балалар: Ия.

Ойын: «Қар мен сәбіз жинау»

(Қасқыр мен қоян өзіне балаларды шақырып екі топқа бөлінеді. Самокатпен жарысып себетке қар мен сәбіз жинап жарысады)

Маша: Алақай! Достық жеңді. Балалар шыршамыздың шамын жағатын уақытта жетті. Шырша шамын жағайық, алыс жолдан Аяз атамызда жақындап қалған сияқты. Қане, бәріміз бірге Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

-Ау-у-Аяз Ата! Ақшақар! (осы кезде боран, аяздың дауысымен Аяз Ата мен Ақшақар шанасын сүйреп келеді)

Аяз ата:- Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

Өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар.- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт - жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Маша: Алақай, көптен күткен Аяз Атамыз бен Ақшақарда келіп жетті.-деп қуанады.

Аяз ата: Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, қызым менің аса таяғымды береғой, сиқырлы сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!

Ақшақар: Ата таяғыңыз мұнда жоқ ғой. Осы кезде қораптың ішінен сайқымазақ секіріп шығады. Аяз Атаның таяғын артына жасырып, қаша жөнеледі.

Балалар: Аяз Ата таяғыңызды Сайқымазақ алып кетті. Әне, Ата қараңыз!

Сайқымазақ: Түш-түш, айтпаңыздар! Мына жер қандай әсем! Балалар қандай әдемі! Маған қатты ұнайды.

Маша: Сайқымазақ, олай жасыруға болама екен? Біздің шыршамыз көңілсіз тұр. Аяз Атаның аса таяғының көмегімен шыршаның шамын бірге жағайық! Кел, сенде бізбен бірге көңіл көтер, Жаңа Жылды бірге тойлайық.

Балалар, Сайқымазақты бұл жолы кешіреміз бе? Оны өзімізбен бірге көңіл көтеруге шақырайық, ия балалар!

Балалар: Ия.

Сайқымазақ: О-О-О! Алақай! Жарайды! Мені кешіріңіз Аяз Ата! Менде Жаңа Жылды сендермен бірге тойлайтын боламын.

Аяз Ата: (сиқырлы музыка дыбыс) Бір, екі, үш

Шырша шамы жана түс! Мына шырша неге жанбады екен? Балалар келіңдер, бәріміз бірге айтайық.

Балалар: Бір, екі, үш

Шырша шамы жана түс.

Шырша жарқырайды.

Маша: Алақай! Керемет! Тамаша! Шыршамыз жарқырай түсті.

Достар Жаңа Жыл мерекемізді әрі қарай оданда көңілді өткізейік. Аяз Ата біздің кішкентай достарымыз сізді асыға күтті. Сіздерге өздерінің дайындаған көп-көп өнерлері бар екен. Сіз шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз.

Ал, біздің кішкентай Аяз аталарымыздың өнерін бірге тамашалайық.

Ән: «Жаңа жыл»

Орындайтындар: Раяна, Мұрагер, Жәдігер, Жанәли, Айназ, Нұрсұлтан.

Аяз Ата: Қандай сүйкімді менің кішкентай балаларым! Жарайсындар!

Сайқымазақ: Достар менің сендерге өз өнерім бар. Сендер менімен ойын ойнағылырың келе ме? Келіңдер, бірге ойын ойнайық.

Ойын: «Кім тапқыр?»

Маша: Аяз Ата, біздің кішкентай достарымыздың сізге арнаған тақпақтары бар. Олар өте өнерлі білімді балалар. Аю, сен тақпақ білесің бе?

Аю: Аю отыр ортада,

Барлық ойы ұйқыда.

Ата тақпақ сұраса,

Ұйықтап қапты масқара! - деп аю есінейді. Балалар мәз боп аюға күледі.

Маша: Ха-Ха-Ха! Достым, Сен сыйлық алғың келсе тақпақты олай айтпайды ғой. Түсіндім, сен қыста ұйықтағанды жақсы көресің. Бірақ біз Жаңа Жыл

мерекесін тойлап жатырмыз.Ендеше,Аяз Ата тақпақты кішкентай достарымыз айтсын.Осы кезде қасқыр жүгіріп келеді.

Қасқыр: О - о, мыналарды қара! Аяз атадан сыйлық алмақшы. Сендерден бұрын мен аламын. (Аяз атаға келіп) Хи - хи - хи, Аяз ата, мен сіздерге өлең айтып берейін бе?

Аяз ата: Айта ғой, қасқыржан!

Қасқыр:

Мен қасқырмын, қасқырмын

Ән айтуға алғырмын.

Қапшығыңнан бере ғой,

Маған да бір сыйлығын.

Ахо - хо. Охо - хо.-деп алақанын жаяды.

Аяз Ата: А-Ха-Ха! Жарайсыңдар! Кезекті кішкентай достарға берейік.Содан соң сыйлықты барлығыңа да беремін.Солай ма Ақшақар қызым!

Ақшақар: Ия,Ата кішкентай достарымызға кезек берелік.

(Жәдігер , Раяна, Нұрсұлтан, Наурызбек, Аяулым, Адина.)

Жәдігер

Жапалақтап, жауған аппақ,

Қарда шығып ойнаймыз.

Қар уыстап , ұрлап асап,

Қызығына тоймаймыз.

Раяна

Жауды міне қар аппақ,

Айналаның бәрі аппақ.

Жасырыпты шамдары,

Тегістепті оларды .

Үстін жауып көлдердің,

Бетін бүркіп белдердің.

Жастың етіп тауда асқақ,

Жантайыпты жанбастап.

Нұрсұлтан

Әдемі әнші құстар кеп қонатын,

Ауылдың айналасы бақ болатын.

Қыс өзі бүрсеңдеген бала талға,

Кигізді үстіндегі ақ халатын.

Алқаптан бір де қара дақ көрінбей,

Ақша қар төңіректі жапты ерінбей,

Әлі де із түспеген аппақ дала

Басталмаған оқушы бала

дәптеріндей.

Наурызбек.

Қыстың күні көңілді,

Көп қызықты көреміз.

Шығып алып далаға

Сырғанақты тебеміз.

Аяулым.

Ақ шанамыз зырлайды,

Ақ қар оны шыңдайды

Біреу шаңғы тебеді,

Құйындатып келеді.

Адина

Оралдың өлкеме,

Жаңа жыл армысың,

Оранды ақ көрпеге

Асқартау қарлы шың.

Аяз Ата: Ой,жарайсыңдар!

Маша: Аяз Ата кішкентай достарымыздың әсем әні де, биі де бар

Отыр ата, сәл дем ал.

Аяз Ата: Жарайды!

Би: «Кішкентай гномдар»

Аяз Ата: Қандай өнерлі балалар екенсіңдер! Ендеше, балалар мен сендердің көңілдеріңді көтеріп сендермен бірге ойын ойнағым келіп тұр.

Маша: Достар келіңдер, Аяз атамен бірге ойын ойнайық.

Ойын: «Қатырамын» (балалар шеңберде тұрып айналады. Аяз Ата аса таяғымен «қатырамын, қатырамын» деп балаларды кезекпен қуып жетіп айнала ойнайды).

Маша: Достар, балалар жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын қоян жылымыз қайда? Ай, Сайқымазақ сен сиқырлап тастаған жоқсың ба?

Балалар, қоян досымыз қайда екен? Дауысы естілмейді ме? (Осы кезде қоянның жылаған даусы естіледі)

Маша: Бұл кімнің дауысы? Кім жылап отырған?

Балалар: Қоян көңілсіз, жылап отыр.

Маша: Қоян сенің неге көңіл-күйің жоқ.

Қоян: Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім, ойнадым.

Енді міне достарым,

Кезек келді қоштасар. Достар, мен ескі жылмын. Менің енді кетуім

керек. Жаңа жылға өз жолымды беруім керек. Мен сендерге жақсы жыл

болдым. Көптеген жетістіктер әкелдім. Маған сендермен бірге болған қатты

ұнайды. Бірақта, менің кетуім керек енді. Келесі айналып келгенше мен

сендерді сағынатын боламын.

Маша: Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Маша: Достар, балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын. Шешуін бірге тауып көресіңдер ме?

Балалар: Ия.

Маша: Аяғы, тұлға, басы бар,

Сыртында сауыт тасы бар..

Тағамға ұқсас атауы,

Шешуін оның табындар.

Балалар: Ұлу

Маша: Алақай, дұрыс таптыңдар. Сендер қандай ақылды балалар екенсіңдер. Ендеше, Жаңа жылымыз ұлуды қарсы алайық.

Ұлу:

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін.

Маша: Балалар, жаңа жылымызға қандай өнерлерің бар? Қане, бәріміз бірге жаңа жылымызға арналған әнімізді айтайық.

Әлиасқар , Сайда, Айназ, Жанәли, Имран, Азамат.

Әлиасқар

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Сайда

Даланыңда , қаланыңда
Думандатып отбасын.
Тағы міне Жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын.
Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Жанәли

Бір топ бала сырғанап,
Барады әне жарысып.
Қалды артында қыр алып,
Іздерінді қар ұшып.

Айназ

Жапалақтап ала қар,
Жауды күнде қайталап
Өырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап
Жұлдыз болып ағамыз,
Ақ мамықтың үстімен
Біз спортшы боламыз
Үлгі аламыз күштіден
Қуаныштың бүгінгі
Таусылмайды ыстығы,
Жылдамырақ жүруді
Үйретеді қыс күні.

Имран

Аязды келіп қыс,
Алғашқы қар үшті.
Аппақ болып үстіміз,
Ақ қырау жабысты.

Азамат.

О, алақай қыс келді
Бізге қуаныш әкелді.
Дала қарға оранды
Бала біткен қуанды.

Хор: «Жаңа жыл келді»

Маша: Міне, балалар да, достарымызда өз өнерлерін көрсетті.

Жаңа жылға барлығы жақсы дайындалған. Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....

(барлығына сыйлық үлестіріледі)

Аяз - Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.

Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

Бәрі:

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Маша: Құрметті қонақтар, балалар және достар! «Жасыл шырша жанында!»

атты жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген балалар мен достарыма сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!! Қош сау болыңыздар!



